

ӘОЖ 81'33

КЕЙБІР ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНДА

Шаржау Айдана Шаржауқызы

aidanasharzhau@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. С.С. Шоқабиева

Кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына да қатысты қарастыру этнолингвистиканың заңдылығы деуге болады. Профессор Қ.Жұбановтың «Тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретіндесақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңасаланың дүниеге келетінін есол кездердің өзінде-ақ болжам айтқаны белгілі» [1, 125-б.].

Ақын-жазушылар сөз құдіретін жете түсінген. Көркем шығарманың тілі, онда қолданылатын сөздер адам сезіміне әсер етуші үлкен күшке ие.

Бұл мақалада тіліміздің сөздік қорындағы, сондай-ақ, жазушылар мен ақындардың шығармаларында қолданылған кейбір этнографизмдердің этимологиясына талдау жасалады.

Сонымен, қазақ тілінде мынадай сөздер ауызекі сөйлеу тілінде де, жазушының шеберлігінің арқасында эмоционалды-экспрессивті реңккееніп, көркем шығарма тілінде де көптеп қолданылады, олар: **дулат**, **дулыға**, **тұмақ**, **дубни** (өзбекше) **түрк**, **доп**, **домалақ**,

думбоғим (еркелету мәніндегі сөзі, өзбекше), **төбе** сияқты есім сөздер; **ай, айналайын; шаш, сақал, мұз, сүз, море** (орысша) сияқты есім мен етістіктер.

Бір қарағанда бұл сөздер мағыналары әр түрлі сөздер, дегенмен, бұл сөздердің тұлғаларына жете мән беріп қарайтын болсақ, олардың шығу төркінінде бір жақындық бар сияқты.

Тілдегі сөздердің мағынасының дамуы мен жасалуын семасиология мен этимология қарастырады. Алайда тілдегі сөздердің мағынасын, оның жасалуын түсіндіру үшін, аталған салаларды бірлікте қарастыруға тура келеді.

Дулат сөзі қазақтың Ұлы жүзіндегі тайпалардың бірінің атауы. Қытай жазбаларында бұл сөз **дулу** деп те қолданылады. Жалпы сөздің этимологиясына байланысты ғалым С.Аманжолов былай деп жазады: олар Дулу өзенінің бойында жасағандықтан бұл сөз олардың тайпалық атауы болып кеткен деген пікір айтқан болатын. Бірақ бұл пікірді керісінше деайтуға болады, бәлкім дулаттар осы өзеннің бойында жасағандықтан сол тайпаның атауы өзенге берілген шығар. Себебі, біздің ойымызша дулат атауының келіп шығуы олардың таңбасымен байланысты. Дулат тайпасының таңбасы. Мұны ай таңба деп театайды[2, 32-б.].

Қазақтың біраз тайпаларының атауы олардың таңбаларынан келіп шыққан, мысалы: жалайыр, ашамайлы, балталы, найзалы, ойық. Ақын О. Сүлейменов осы пікірді айта келіп, қыпшақ сөзінің келіп шығуын да оның таңбасымен байланыстыра қарайды (**II** қыпшақ таңбасы)[3, 115-б.]. Дулат сөзінің тұлғасына талдау жасасақ, мынадай морфемаларға бөліп қарастыруға болады: **ду**-түбір морфема, **ла-// -лы** аффиксі есім сөз көрсеткіші, **-т** аффиксі көне түркі тілінде көптік ұғымды беретін қосымша. Жоғарыдаайтылып өткен сөздердің (дулыға, тұмақ, дубли, түрк, доп, домалақ, думбоғим, төбе) сөздерінің түбірі де **ду** не **до**, немесе **то** сөздері (олардың түрліше дыбысталуы үндестің заңының әсері). Ал олардың құрамындағыбасқа морфемалар қосымшалар немесе түбір морфемалар. Кезкелген туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөздің лексикалық мағынасы болады. Ал біз түбір морфема деп ажыратып алып отырған **ду** сөзінің лексикалық мағынасы қандай?

Ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы өзінің «Байырғы түрік жазуының генезисі» атты еңбегінде түрік сөзі екі жеке тұлға түбірден құралған болуы мүмкін деген пікір айтады да, бұл сөз **Төр +ук= түрік** болып өзгерген дейді. Көне түркі тілінде **төр= өкімет, билік** мағынасында жұмсалып, **ок – өктем, күшті, қуатты, жүректі, қайратты** мағынасында жұмсалғандығын айтып, дәлел ретінде көне түркі жазбаескертікшітерінен бірнеше мысалдар келтіреді [4,249-б.]. Осы атауға байланысты А.С.Аманжолов: «Термин-этноним тюрк имел первоначально нарицательное значение 1) голова; глава, вожак; 2) верхняя часть чего-либо, верхушка, вершина, начало, и.т.д. Выступал абсолютным синонимом общетюркского слова **баш, бас** или общемонгольского слова **толга (толугай, тологой)**»- деп атап өтеді[5,97-б.]. **Ду** сөзінен жасалған туынды сөздер:

- **түрк**
- **дулыға**
- **төбе**
- **доп**
- Ду:- дубли** (өзбекше, бас киім атауы)
- **думбоғим** (өзбекше, еркелету мағынасында)
- **тұмақ**
- **домалақ**
- **домалау**
- **төркін**

Бұлардың қатарынан екі сөзге: **дулыға** және **тұмақ** сөздерінің жасалуын былайша түсіндіріп өтуге болады. Дулығасөзі сөзжасамның аналитикалық тәсіл ақылы, яғни бірігу арқылы **дул+ық+а= дулыға**, яғни басқа ық, пана болатын, қорғайтын бас киім дегенді білдіреді. Тұмақ сөзі **тұ+м+ық** бұл сөздің мағынасы да жоғарыдаатап өткен сөзбен мағыналас.

Сонымен бірге тіліміздегі сөздердің мағынасының жасалуы семантиканың заңдары арқылы жүзеге асады, олар: функционалды семантика заңы, ұқсату заңы, бөлшектің бүтінге ауысу заңы, сөз мағынасының кеңею мен тарау заңы.

Қараңғы түндесулесін шашып, жарық беріп тұратын айды көргенде, біз ай толыпты дейміз. Себебі белгілі бір уақыт өткеннен кейін айдың формасы дөңгеленіп шеңберге айналады. Дулаттардың өз таңбаларын ай таңба деп атауының себебі десол таңбаның формасына байланысты. Таңбалардың пайда болуы өтеерте замандардан басталады. Хойт-Ценхэр үңгірінен (Батыс Монғолия) табылған пиктографиялық гравюралармен қатар шартты белгілер, таңбалардың суреттері де бейнеленген, олардың жасы б.з.б. VIII-VII ғ. сәйкес келеді. Ай таңба бастапқыда олай емес, дулы немесе ду деп аталған болып, ал оны иеленуші тайпасол таңбаның атауымен аталып кеткен болуы да мүмкін. Бұндай тәжірибенің бар екенін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Сонымен, дулат этнонимі өзінің тайпа таңбасының атауы негізінде қалыптасқан деп айтуға негіз бар. Ал сөздің мағынасы семантиканың ұқсату заңы бойынша қалыптасқан. Адамның дене мүшесі бастың формасы шар тәріздес. Бұл мүшенің ду немесе дулу деп аталуы да оның формасына байланысты.

Енді қысқаша **шаш** және **сақал** сөздерінің этимологиясына тоқталып өтсек. А.С. Аманжолов өзінің «История и теория древнетюрского письма» деген еңбегінде ... сквозь призму историко-этимологического анализа отчетливо обнаруживается семантическая адекватность термина тюрк шумерской фонетической логограмме САГ «голова; глава» (IV-I тысячелетия до н. э.)» – деген болатын [6, 174-б.].

дуай (толғанай ай)

дулыға айналайын (өзб. думбоғим синоним)

домалау _____ айналу

Түркі тілдеріндегі сөз басындағы жәнәсөз соңында **с//ш** алмасуларын ескертетін болсақ (таш-тас, қаш-қас), қыпшақ тобына жататын қазақ тіліндегі **шаш** (есімсөз) сөзі оғыз тобына жататын әзербайжан тілінде **сач** түрінде дыбысталады. Ал **сақал** сөзінің жасалуында аналитикалық тәсілдің ізі байқалатын сияқты, яғни **са** деген түбір морфема мен **қыл** түбір морфемалардың бірігуі арқылы **сақыл** болып қалыптасып, бірінші буындағы **а** дыбысының ықпалымен екінші буындағы **ы** дыбысы үндесіп **сақал** болып қалыптасқан болуы мүмкін [7, 72-б.]. Қалай болғанда да бұл екі сөздің келіп шығуы бассөзімен байланысты сияқты. Тіліміздегі сөздердің жасалуы мен мағынасы көне түркілік негізге барып тіреледі. Олай болуы заңды да, өйткені қазақ тілі – түркі тілдерінің ішінде түркілік қалпын сақтап қалған ең таза, қоспалары аз тілдердің бірі.

Тілімізде **мүз** (судың 0° градуста қатуы) деген сөз бен **сүз** (малдың сүзюі) деген етістік сөздер бар. Бұл сөздерді **мү**, **сү** деген түбір морфема мен –з аффикстеріне ажыратып қарастыруға болады. **Му** көне түркі тілінде **су** дегенді білдіреді. Осы түбірден тілімізде **Амудария**, **жаңбыр (еғмур)**, **мүз** сөздері туындаған [8, 102-б.]. Мысалдардағы бірінші, екінші сөздер түбірлердің бірігуі (аналитикалық тәсіл) арқылы жасалса, **мүз** сөзі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған, –з аффиксі есім сөз көрсеткіші болғанымен заттың бір қалыптан екінші қалыпқа өту процесін аңғартып тұр. Демек, бұл аффикс түбінде етістік көрсеткіші болған болуы мүмкін. Белгілі бір аффикстің деривациялық мағына тудырушы жұрнақ екенін дәлелдеу үшін, ол кемінде екі түрлі түбірге жалғанып, туынды сөз жасауы шарт. **Сүз** (етістік мағынасында) сөзін де түбір мен қосымшаға ажыратуға болады деп жоғарыда айтқан едік. **Сү** көне түркі тілінде **әскер** деген мағынаны береді. Ал әскердің негізгі функциясы шабуылдау, олай болса **сүз** сөзінің мағынасы шабуыл жаса деген сөзбен мағыналас. Мұндасөз мағынасының жасалуы мен туындауында семантиканың функционалды-семантика заңы мен сөзжасамның синтетикалық тәсілі қолданылған, яғни –з аффиксі есім сөзге жалғанып, туынды түбір етістік жасаған.

Орыс тіліндегі **мор** (көне түркі тілінде үлкен су деген мағынада) сөзі көне түркілік негізден жасалған. Осындағы **мор** түбір, –е қосымша екеніне мына мысалдарды келтірсек

жеткілікті: **морской, моряк, мотрос**. **Му** түбір морфемасынан жасалған туынды сөздер мыналар:

- **мүз**
- **Амудария**
- **Амур**
- **жаңбыр** (ёғмур, көне тркі)
- Му –море**
- **моряк**
- **мотрос**
- **морской**

Қорытындылай келгенде, лексикалық қорымыздағы кейбір сөздердің мағыналары мен этимологиясына байланысты болжамдар жасап, оны дәлелдеуге мысалдар келтірілді. Әрине, бұл сөздердің жасалуы дәл осылай, басқаша болуы мүмкін емес деген ойды білдірмейді. Өйткені адамзат қоғамының жер бетінде пайда болуы, мыңдаған жылдармен есептеледі. Сондықтан бір сөздің этимологиясын дәл мынадай деп көрсету мүмкін бола бермейді. Тілімізде ХХ ғасырдың өзінде қалыптасқан кейбір сөздердің немесе фразеологиялық оралымдардың (тұрақты тіркестер) мағыналарының қалыптасуы кейде белгісіз болып жатады. Мысалы, Мырзашөл өңірінде жасайтын қазақтардың тілінде қолданылатын **сыр мен сордың арасы** (ұзақ, қашық, шалғай) деген тұрақты тіркестің шығу тарихын бүгін біреулер білсе, біреулер біле бермейді. Ал тарихқа көз жүгіртсек оның жасалуы былайша қалыптасқан. Қоңырат тайпасының Оразгелді атасынан тарайтын Бәткей руының Кенжебай балалары осыдан бірнеше ғасыр бұрын еншісін алып, Сордан (бүгінгі Шымқорған өңірі) Сыр өзенінің (Өзбекстан, Сырдария обл., Шыбынтай ауылы) бойына қонысаударды. Бірақ ағайынды жұрт барыс-келісін үзбей қатынасып тұрады. Осы екі аралықтың арақашықтығы біраз жер болғаннан кейін, **сыр мен сордың арасы ұзақ** деген тіркес кейінірек фразеологиялық оралымғаайналған.

Түркологияда түркі тілдерінің қалыптасуына байланысты Алтай дәуірі кезеңі туралы айтқанда, ғалымдар гипотезағасүйенеді. Дегенмен, айтылған жорамалдар мен пікірлер тіл білімінде әбден орнықты.

Әр халықтың тұрмыс-тіршілігі әр түрлі болғандықтан, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. –Алматы. Ғылым, 1996.–126 б.
2. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы. 2002.
3. Сулейменов О. Аз и Я. – Алма-Ата: Жазушы, 1975.
4. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007 .
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.–Алматы, 1997.
6. Аманжолов С. История и теория древнетюрского письма.–Алматы: ЗАО а Издательство «Мектеп, 2003. – 368 с.
7. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / Құраст. А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев.– Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
8. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014.– 256 б.